



«ЖАҒАРУ»
СЫМАЛІ АС ЖЕТІСТІК КӨРСЕТІСІ ЖАЛПЫ БАҒАМУ АҒАМЫ
РАСНО БІЛСІМДІК ҚОҒАМДЫҚ БІЛІСТІК

Құқықтық ағарту және жастардың құқыққорғау органдарының жұмысына сенімділігін арттыру мәселелері

Әдістемелік көмекші оқу құралы

Повышение правовой грамотности и доверия молодёжи к правоохранительным органам

Методическое пособие

**«ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс»
республикалық қоғамдық бірлестігі**

**Құқықтық ағарту және жастардың құқыққорғау органдарының
жұмысына сенімділігін арттыру мәселелері**

Әдістемелік көмекші оқу құралы

**Қ. Ыдырысов
Заң Ғылымдарының кандидаты,
А. Құсайынов атындағы
Еуразиялық гуманитарлық
институтының профессоры**

Астана 2023

Жоспар

1. Алғысөз
2. Кіріспе
3. Негізгі бөлім - ұлт келбеті. Құқықтану дәрістерінде саяси-құқықтық көзқарасты қалыптастыру мен дамытуда көрнекті тұлғалардың тұжырымдарын зерттеу мәселелері.
4. Ұсыныстар
5. Қосымшалар
6. Терминологиялық мәселелер
7. Әдебиеттер

1. Алғысөз

2022 жылғы Алматыдағы «қаңтар» оқиғасы Қазақ елінің көптеген өңірлеріне ықпалын тигізіп, Қазақстанның егемендігі мен тәуілсіздігіне зор нұқсан келтіре жаздады.

Қаңтардағы оқиғаның салдары Егеменді еліміздің барша тұрғындарына қауіп төндірумен қатар, мемлекеттік тұтастық пен әлеуметтік ынтымақтастығына зиянды әсер етуі мүмкін еді. Қоғамның парасаттылығы мен табандылығы арқасында тез арада тойтарылып, елімізге төнген қатер еңсерілді. Әрине бұл дүрбелеңнің бүкіл ел тұрғындарына әсері мен ықпалы әртүрлі болды. Сонымен қатар қаңтардағы оқиға мен қақтығысты біржақты бағалау қоғамдық жарасымдылықты пен келісімді орнықтыруға жеткіліксіз екені де шындық. Еліміздің жаңа жағдайлардағы құбылыстарға төтеп бере алатын мемлекеттікті орнатуға пәрменділік танытып, белсенді жұмыстар атқаруға сынақтар да болғаны анық. Әрине, қаңтар оқиғасы бір үлкен сынақ болса, оның салдары дүрбелеңнен артып түспесе, одан кем емес сынақ болды. Бастан өткен қаңтар оқиғасын тек жалаң айтумен шектесек, онда қоғамды белсең ала бастаған әлеуметтік індеттерден арылта алмаймыз. Қаңтар оқиғасы көрнекті ғалымдар қатысқан іргелі зерттеу жұмыстарымен ұштаса отырып, белсенді рухани әлеуметтік саясатпен жүргізу, Қазақстанның тұтастығы мен тұрақтылығына негізін қалайтын бағдарлама ретінде таныған ләзім. Осы бағыттағы алғашқы қадам- Қазақияның тағдырына бар білімі мен қабілетін, қайрат жігерін аямаған тұлғалардың өміржолы мен қағидаларын зерттеп, тани біліп және оны бүгінгі жаһандық талаптарға сай қолданып, меңгеру аса маңызды болмақ.

Оқырмандар назарына ұсынылып отырған әдістемелік көмекші-оқу құралында келесі мақсаттар көзделген:

1. Қаңтар оқиғасының шығу себептері туралы жастар пікірін зерделеу
2. Халық пен билік арасындағы ынтымақтастықты нығайту

3. Жастардың құқыққорғау жүйесіне сенімділігін арттыру жолдарын айқындау

4. Қазақ әдет құқығының ізгілік, адамгершілік сипаты мен қағидаларын білім мен оқу барысында, арнайы тәрбие-насихат сабақтарында таныстыру,

5. Жастарға, әсіресе билік басына келе бастаған жас ұрпақ өкілдеріне көрнекті қоғам қайраткерлері мен заңгер құқықтанушы ғалымдардың өмір жолы мен көзқарастарын кеңінен жеткізу.

Алға қойылған міндеттер мен мақсаттарды жүзеге асыру жастарымыздың жарқын болашағы мен жеңімпаздығына игі әсер тигізері кәміл. Осы талаптарға сай «ЖАҢАРУ» жалпыұлттық қозғалыс» республикалық қоғамдық бірлестігінің бастамасымен халқымыздың көрнекті ғалымы, мемлекет қайраткері, ұлттың мақтанышы, абыз заңгер С.Зимановтың және оның замандас - әріптестерінің өнегесіне негізделген, оның замандас әріптестерінің қоғамдық, мемлекеттік қызметі мен тұжырымдарын зерделеуге арналған осы тәжірибелік-әдістемелік еңбек көпшілік назарына ұсынылады. Оқырмандарға ұсынылған көзқарастар жинағы Қазақияның қоғамдық және әлеуметтік ынтымақтастығын бекітіп, нығайтумен қатар жұртшылықтың, әсіресе жастардың мемлекеттік құрылым, соның ішінде құқық қорғау органдарының жұмысын біліп-тануда, құқық қорғау жүйесі жұмысына ынтасы мен сенімділігін нығайтуға да оң ықпал етері сөзсіз.

М. Семғалиев

Кіріспе

Билік пен бұқараның, ескі мен жаңаның, азшылық пен көпшіліктің қарым-қатынастары әр дәуірде әр қоғамда ауық-ауық шиеленісіп тайталастық шегінедейін жетіп, кейде олар қарулы қақтығысқа ұласып, отырған. Бұл қайшылықтар қоғам қауіпсіздігіне, ел тағдырына зор зардаптар әкелетін. Егер қайшылықтардың алдын алып, көпшілік мүддесіне сай әділдік, баршаға бірдей теңдік қағидаларын, күнделікті өмірде, тұрмыста орнықтырылса онда, қоғам жарастығы мен әлеуметтік ынтымақтастық қалпына келіп, қоғам да мемлекет те ілгері қарай өркендей алады. Бұған адамзаттың ежелгі дәуірінен күні бүгінге дейінгі тарихы дәлел.

Батыс әлемінде Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жастар арасында пайда болған наразылықтар 50-60 жж. кеңінен өрістеп үлкен қоғамдық қозғалыстарды тудырды. Осы срекшеліктерді зерттеген мамандар ғылымға жана атаулар мен ұғымдарды енгізді. Жаңа жас ұрпаққа «жоғалған ұрпақ», «ызалы ұрпақ» және т.б. айдарлар тағылды. Саясаттанушылар «ұрпақтар қайшылығы», «ұрпақтар қақтығысы» деген теорияларды зерттей бастайды. Әлемді дүрбелеңге салған жастар қозғалысы әсіресе Америка Құрама Штаттарында, Франция, Италия Германия сияқты Батыс елдерінде кеңінен өрістеген, әйгілі «ұрпақтар қақтығысы» деген қағидаға Кеңестер Одағында «ұрпақтар сабақтастығы» идеясы кеңінен насихатталды. Сол жылдардағы тоқтаусыз «қырғи қабақ» соғыстың идеологиялық күресі және «ұрпақтар соғысы» салдарына байланысты АҚШ-тың қартаю ұлттық институтының директоры Роберт Батлер 1969 жылы «эйджизм» ұғымын тұңғыш рет ғылыми қолданысқа енгізді. Бұл ұғым бірталай құбылыстар мен оқиғаларды сараптау, зерттеуге көп септігі болып, бағыт сілтеді. Ғылымға енген жаңа ұғым, жаңа анықтамалар, ұрпақтар арасындағы қайшылықтар үлкен саяси әлеуметтік мәселелердің бірі болып танылып, көптеген елдердің

зерттеушілерінің назарына ілікті. Соның бірі- 2022 жылғы қаңтар айындағы Алматыдағы дүрбелеңі деп санауға болады.

2022 жылғы Алматыдағы қаңтар дүрбелеңі қазақ қоғамындағы көптеген қордалып қалған мәселелердің ұшыққандағына көзімізді жеткізді. Бұл елімізде шешілмеген күрмеуі мол мәселелер барлығын мейлінше айқын айғақтады. Әрине, бұл мәселелердің жаһандық сипаты да сөзсіз. Елімізде орын алған мәселелер әлемнің бірталай өзге соның ішінде бұрынға кеңес елдерінде байқалуда. Алайда шиеленіс, дағдарыстың ең осал буынына айналған Қазақстанды шарпығаны күмәнсіз. Бұл арнайы зерттеуді қажет ететін тақырып.

Еліміздің әдебиет, мәдениет және өнер апталығы саналатын «Қазақ әдебиеті» газеті 2022 ж. 21 қаңтардағы № 2-3 санын «Бүлікшіл адам» мақаласымен «Жастар ел болашағына неге сенбейді?». деген айдармен жас қаламгерлердің ойын білмекке кезекті отырысына бірнеше жас жазушыларды пікір алмасуға шақырды. Бұл басқосуда «Жастар ел болашағы нұрлы боларына неге күмәнданады? Бүгінгі билікке неге сенбейді? Өз елінде өгейсулерінің түпкі себебі неде? «Ашулы жастарды» әлеуметтік мәселелерден басқа не толғандырады?» деген сұрақтар төңірегінде талқыға салу үшін бірнеше мәселелерді көтерді. Жастарды аланға қандай күш алып шықты? Олардың билікке өкпесі қандай, неге наразы? деп қойылған сұрақтарға жас қаламгер М. Тоқсанбайдың «жастар арасында өте сауатты, білімді, дарындылары, патриоттары да бар. Және олар біз ойлағаннан әлдеқайда көп. Міне, солар біздің жемқор жүйеден қажыды» деген пікіріне оның әріптесі Р.Рахат жастардың шеруге шығуын «жұмыссыздық пен тұрмыстық-әлеуметтік мәселелердің шешілмегені» деп түсіндірді. Сонымен қатар «көпшілік қауым өзін осы мемлекеттің азаматы сезінбейді» жастардың кейбір жергілікті әкімдікпен кездесудегі қиындығын айта келе ол «мысалы, былтыр Алматы әкімдігіне кіре алмай, күзеттен қайттым... демек, менің оларды бөтен сезінуім заңды да. Олардың халықтан өздерін солай алыс ұстауы дұрыс па?... Полициядан халық неге қорқуы немесе оны жек көруі керек? деген сұрақтарына Ә. Рахат «Экономикалық дағдарыстан бұрын идеологиялық кризис ауыр. Көптеген жастар өзін Қазақстанмен байланыстырмайды. «Жақсы өмір-шетелде» деп санайтындығын тұжырымдап, «Қазақстанда 30 жыл бойында билік халықтың даусы естілетін барлық тесіктерді бітеді. Енді соның бәрін бұзып- жарып шығудан басқа амал қалған жоқ. Соның ішінде алдымен жастардың буырқануы да заңды деген жауабымен ой

бөлісті. Жас қаламгерлер пікірінше «30 жылғы берекесіз саясаттан сабақ алу жағын қарастырған дұрыс... Жемқорлық, жағымпаздық дегенді өзіне ар санайтын мемлекетшіл тұлға болуы керек деп ойлаймын деген жастардың ұсыныстары құптарлық.

Қаңтар дүрбелеңі бірталай жара мен деріттерді көрсетті. Зиялыларға кеңінен танымал еліміздің басты бұқаралық баспа сөзінде айтылған мәселелерді көпшілік талқысына салып зерделеп, әлеуметтік індеттерден тазартуға айрықша мән беру қажет. Еліміздің баспасөз бетінде жарияланған материалдарды сараптау нәтижесінде бірнеше себептерді топтастырып атап өтуге болады:

1. қоғамдағы әлеуметтік топтар арасындағы табыс деңгейінің күрт алшақтана түсуі,
2. халықтың мемлекеттік билікке сенімінің кемі түсуі, лауазым иелерінің халықтан оқшаулануы,
3. жоғарғы биліктегі қызметкерлердің арасында жемқорлықтың күшейе түсуі туралы мәліметтердің бұқаралық ақпаратта көбейіп, керісінше шығарылған оң шешімдердің көпшілікке сирек жеткізілуі,
4. ізгілік қағидаларын насихаттау жұмысының әлсіреуі, кей кездерде мүлдем доғарылуы,
5. қоғамда дүниеқұмарлық пиғылдың мейлінше дәріптелуі.
6. Бас Прокуратура мекемелерінің заңдылықты қадағалау жұмысын атқаруда енжарлық танытуы,
7. құқық қорғау органдарының қылмыспен табанды күресті жүргізуде бәсеңділік танытуы,
8. халықтың, әсіресе жастардың құқық қорғау органдарына сенімінің азая түсуі және бұл органдардың қызметінде үркіту мен қорқытуды басты сипат ретінде танушылық.

Әрине, тереңірек зерделеу басқа себептерді ашуға мүмкіндік берері сөзсіз. Дегенмен, осы жоғарыда көрсетілген кемшіліктер мен олқылықтарды жоюға зейін салу қоғамымызды жайлаған індеттерді анықтап, оны сауықтыру жолдары мен әдістерін айқындауға септігі жеткілікті болары шүбәсіз.

Назарларыңызға ұсынылған еңбек өзекті тақырыптардың бірі- билік пен қоғам арасындағы жарасымдылықты, түсіністікті, ынтымақтастықты нығайтуға септігін тигізу мақсатында жазылды. Бұл сонымен қатар, әсіресе, жас буынды алдыңғы буын өкілдерімен рухани сабақтастығы мен байланысын бекемдеп, арттыра түсуге бағытталған. Еңбек еліміздің жоғарғы оқу орындарында жүргізілетін саяси-құқықтық пәндерді, соның ішінде Қазақстан Республикасы

мемлекет пен құқық тарихы, мемлекет пен құқықтың жалпы тарихы, саяси-құқықтық ілімдер тарихы, коррупцияға (сыбайлас жемқорлыққа қарсы) қарсы мәдениет, юридикалық педагогика, заңгер этикасы және т.б. құқықтық пәндерді оқып, тереңірек меңгеруге пайдалы боларына сенім артамыз.

Құқықтану дәрістерінде студенттердің саяси-құқықтық көзқарастарын қалыптастыру мен дамытуда көрнекті тұлғалардың тұжырымдарымен таныстыру және оқу процесінде, зерттеуде қолдану мәселелері.

Құқықтану дәрістерінде жастардың саяси-құқықтық көзқарастарын қалыптастыру мен дамытуда отандық көрнекті тұлғалардың құқықтық тұжырымдарын зерттеуде пайдаланудың маңызы ерекше. Теріс әрекеттерден арылумен шектелу жеткіліксіз, сыбайлас жемқорлықпен күрес кешенді, пәрменді алдын алу саясатын жүргізуді талап етеді. Әсіресе құқықтық сананы қалыптастыруда ұлттық ізгілік дәстүрлерімен танысу ерекше маңызға ие. Сондықтан жастардың билік пен басқару жүйесіне, әсіресе сот, құқық қорғау органдарына құрмет пен сенімділігін нығайтуға жете көңіл бөлудің зор маңызы бар. Бұл жұмыстың нәтижелі болуына көрнекті ғалым, мемлекет қайраткері, ұлт мақтанышы, абызы заңгер С.Зимановтың және оның замандас әріптестерінің үлгі тұтар ғылыми-тәжірибелік қызметі мен өнегесі туралы пайымдауларын зерттеу өте үлкен мәнге ие.

Адамзат өз тарихында әділетті, игілікке толы берекелі қоғам құруға барынша құлшыныс танытып отырған. Оған ерте заманнан бастап күні бүгінге дейінгі сақталған құжаттар мен мәліметтер тарихы куә. Адамзаттың көптеген данышпандары мың толғанып, жүз ойланып өз пікірлерін замандастарына да, кейінгі ұрпаққа да өсиеттеп кетті. Осы ізгілік пен әділеттікті ту етіп ұстаған әлемнің көрнекті қайраткерлерінің орасан еңбегі нәтижесінде дүниежүзінің мемлекет пен құқық тарихында үлгі болып

қаларлық бірлестіктер, қоғамдар, мемлекеттер орнықты. Бұл мемлекет нақты шынайы түрде орнығып, көптеген білімпаздардың киялы мен арманына қанат бітірді. Адамзат тарихын зерделеушілерге олардың есімі ел жадында сақталып, жақсы белгілі болумен бірге, олардың ұстанымдары кей сәттерде дағдарысқа да, кедергіге де кезігіп, кейде жеңіліске де ұшыраса да, ізгі құндылықтарды көздеген адамзаттың абзал ұлдары мақсатынан таймауға ұмтылды. Осындай қайраткерлер әр заманда, әр дәуірде, әр халықтың арасынан табылды. Адамгершілігі мол ондай қайраткерлердің есімі жаңа ұрпаққа, замандастарына үлгі тұтар өнеге иесі бола алды. Ондай тұлғалар халқын, елін, тіпті ұлтын, адамзат қоғамын ілгерілетіп алға апарды. Қоғам мүшелері өздерін абзал замандастарымен салыстырып, оның игі құндылықтарын, өнегесін меңгеруге ұмтылды. Бұл үрдіс өз кезегінде жалпы көпшілікке оң әсер етіп, сол дәуірді, сол халықты, сол елді биік тұғырға көтерді. Әлем тарихындағы сақталған көне Шығыстың Эхнатон, Хаммурапи, Зарина, Ашока, Кун Зы және Эллиндердің Сократ, Солон, Клисфен, Ескендір және т.б. басталып, бүгінгі замандастарға жақсы белгілі көрнекті Ататүрік, Рузвельт, Дэн Сяопин, Ы. Гаспралы, Махатма Гандиге дейінгі қайраткерлер өз есімдеріне дақ келтірмеуге күш салды. Қазіргі біз өмір сүріп жатқан соңғы ғасыр адамзат үшін өте ғаламат сынақтар кезеңі болып отыр. Бұл тек жалпы барша адамзат үшін ғана емес, әрбір жеке адам үшін де зор жауапкершілік пен емтихан болуда. Бұл сынақтан, тығырықтан шығу жолы күрделі, жалпы адамзаттың ортақ мәселесіне айналууда. Еш мемлекет, еш адам бұл ортақ мәселелерден шет қала алмайды. Халқымыз айтқандай «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші жалпы адамзаттың ынтымақтастығын нығайту алда тұрған екпінді жұмыс. Әлемдік қақтығыстар өңірлік қақтығыстарға ұласып, олар өз кезегінде әр отбасы, әр адам тағдырына зиян келтіріп, баршаға орасан қауіп төндіруде. Уысында мол билікті шоғырландырған лауазым иелері-ел басшылары өз жауапкершілігін сезінуді (деварадж, хан-талапай қағидалары мен ырымдары) ұмытып, өз билік дәрежесіне лайықты істермен жұртшылық алдында көріне алмауда. Күллі адамзатты тығырықтан шығу жолын табу бүгінгі әлем үшін ең өзекті мәселеге айналууда. Осы күрделі мәселені шешу жолында еңсеруі қиын зор бөгет пен тосқауыл- адамдар арасында сенімнің жоғалуы, әсіресе билік пен бұқара халық арасындағы оқшауланудың зияндығы туралы пікірлері мен көзқарастарын ойшылдар замандастарына да, кейінгі ұрпаққа да өсиеттеп жеткізіп отырған. Кеменгер ойшылдардың пікірлері мен тұжырымдарын ұдайы зерделеп, заман өзгерісіне сай қолдана білу жауапкершілігі зор сабақ, уазипа.. Біздің бүгінгі болмысымыз, жеткен жетістіктеріміз бен қатар, қоғамда белең ала бастаған жағымсыз сипаттарды

да көрсетті. Қоғамды қатты толғандыра бастаған келеңсіздіктердің күрделісі-сенімсіздікті тойтару, оны туындататын себептердің алдын-алуды қоғам өз алдында бірінші кезекке қоюда. Қоғамызды жайлаған сенімсіздік пен парақорлықты, жемқорлықты бұғақтауда барынша пәрменділік таныту шұғыл қолға алуды талап етуде. Бұл игі жұмысты белсенділікпен атқару бағытында елімізде соңғы жылдары айтарлықтай мән беріліп, оң қадамдар жасалды. Осы игілікті жұмыс тек заңдар қабылдаумен шектелмесі ақиқат. Ол бүкіл қоғамның белсенділігін талап етеді. Оған мемлекеттік ұйымдармен қоса мемлекеттік емес ұйымдардың да белсенділігімен пәрменділігі қажет. Бұл жұмысқа сондай-ақ құқық қорғау органдарымен бірге барша мемлекеттік мекемелер, соның ішінде ғылым, білім беру, оқу ағарту, мәдениет салалары да пәрменді үлес қосулары тиіс.

2013 жылдың 3 желтоқсанында Қазақстан Республикасының танымал мемлекет және қоғам қайраткері О.Ә.Әбдікәрімовтың бастамашылығымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы «ЖАҢАРУ» атты жалпыұлттық қозғалыс республикалық қоғамдық бірлестігі құрылды. «Қоғамдық бірлестік сол кезден бастап бүгінгі таңға дейін күрмеуі шешілмей келе жатқан, қоғам үшін ауыр індетке айналған сыбайлас жемқорлыққа тосқауыл қою мақсатында мемлекеттік мекеме, ұйымдармен, құқық қорғау органдарымен бірлесе жұмыс жасап, халық игілігі үшін тегеуірінді күрес жүргізіп келеді» (М.З.Семғалиев. Адалдық пен Әділет жолында. «ЖАҢАРУ» 7 қараша 2022ж. №5).

«ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы М.З.Семғалиев «Жастардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қатысты сананы түбегейлі өзгерту үшін ең бірінші кезекте отбасындағы ата-ананың тәрбиесінен бастау алып, адалдықтың мықты қазық-дінгегі ретінде халық даналығын пайдалана отырып, әділдік үшін күрестің шынайы адамшылық күрес екенін дәріптеу абзал»⁶, - деп атап өте келе, «Елімізде болып жатқан сыбайлас жемқорлықтың жалғасқан деректері жана ғана бой түзеп, жаңаша өмірге бағытталған жас жеткіншектердің санасын улап, адами қасиеттерден ада қылып, қоғамнан өз орнын әлі тауып үлгермеген жастардың көңіліне қаяу салып, тығырықтан шығатын жол таба алмай сенделуіне, психикалық тұрғыдан жан дүниесіне ауыр әсер ететіні анық. Осы орайда ұлттық құндылықтарымызды дәріптей отырып, ең алдымен отбасынан бастап жас баланы адалдыққа, ізгілік пен жақсылыққа құштар болып үйретуге ықпал ету - маңызды міндеттердің бірі болып отыр»⁷, - деп көпшіліктің назарын қарқынды да тегеуірінді жұмысқа белсенділікпен кірісуге үндейді.

«ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс» республикалық қоғамдық бірлестігінің құрметті төрағасы Оралбай Әбдікәрімұлы Әбдікәрімов «Нақты жасалатын жұмыстарымыз - құқықтық заңнаманы үйрету, таныстыру, қоғамдағы орын алып отырған көріністерін болдырмау, алдын алу, қауіпті «ауруға» айналған жағдаяттарға тосқауыл қою - мемлекеттің де, қоғамдық ұйымдардың да, әр азаматтың да негізгі мақсаты болуы керек деп ойлаймын»⁸, - түйіндейді тұжырымын. Осы бағыттағы жұмысты пәрменді жүргізу аса маңыздылығы туралы Оралбай Әбдікәрімұлы Әбдікәрімов: «Бір айта кететіні- бір орында жұмыс жасап отырған қызмет иесі, әкім бе, министр ме, мектеп директоры ма қылмыстық іспен немесе заң талаптарына қайшы келіп, жұмыстан шығарып тастағаннан кейінгі жерде дәл сол орынға қайта жайғасуы немесе одан да күшті лауазымдық орындарға қайта отыруы халықтың наразылығын тудырып жүргені жасырын емес. Халықтың китығына тиіп, әділеттіктің орындалмауы да осындай кереғарлықтан туындайды»⁹, - деп, халықтың, әсіресе жастардың құқық органдарына сенімінің кему себебін атап көрсетеді. Сондықтан танымал қайраткер Оралбай Әбдікәрімов күрделі де қатпарлы көп құбылыс ретіндегі жемқорлықпен күресу үшін әлемдік тәжірибелерді, ұлттық көне, тәрбиелік мәні бар ғибратты тағылымдарды ала отырып, осы жолда табанды, қажырлы, ерекше күш-жігермен жұмыс жасауымыз қажет»¹⁰. қорытындысы қазіргі қоғам үшін өте өзекті қағида болмақшы. Осы күрделі жұмыстың нәтижелілігі еліміздің бұқара мен билік арасындағы окшаулану үдерісін барынша әлсіретіп, рухани байланысты нығайту жолында отандық және әлемдік тәжірибеге сүйенгеніміз абзал. Оқырмандарымызды ұлтымыз үшін зор құндылық пен рухани қуаттың көзі саналатын қайраткерлеріміздің тұжырымдары мен қағидаларын зерделеуге, оларды жастарға да үлкендерге де пайдалануына септігі мол болары шүбәсіз. Осы әлеуметтік маңызы бар тапсырма іспеттес пікір бойынша жаңа ізденістер, жаңа қадамдарға жету мақсатында келесі ұсыныстарымызға зейін салып, пікір алмасуға және ой бөлісуге шақырамыз.

Талқылауға пайдалануға қажетті ұсыныстар.

Жастар, жалпы қоғам тарапынан мемлекетшіл тұлғаға зәрулік «Мемлекетшіл тұлға» ұғымына айрықша зейін бөлуді талап етеді. Жоғарғы оқу орындарында күнделікті дәріс беру, шәкірттерді оқыту жұмысымен қатар заман талабына сай ұлттық, тәрбиелік құндылықтарын, ғибраты мол тағылымдар мен ізгілік қағидаларын оқу дәрістерінде пайдалануға ізденіс арта түсуде.

Талғампаз, ізденімпаз зейінін келесі ұсыныстарға аудартамыз. Бұл ұсыныстар тәуелсіз Қазақстанның дүниеге келуіне белсенді атсалысқан ғалым қайраткерлердің еңбектерін зерделеу болып табылады.

Салық Зимановтың 1991 жылғы 29 қарашада «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Халық сеніміне сай болсын»¹¹ атты мақаласында «Қуатты үкіметсіз бірде бір саяси жүйе, мейлі ол халықтық, таза демократиялық болсын, бәрібір өмір сүре алмайды. Онсыз ең мықты деген экономикалық реформалар да қиял жүзінде қалады. Өкінішке орай, бүгін аса қажет болып отырған жемісті еңбек ететін ондай атқару органдары республикамызда әлі құрылған жоқ. Оған қанша ұмтылғанымызбен іс оңға баспай тұр. Есесіне басқару жүйесінің ең бойында бюрократия, коррупция сияқты жағымсыз көріністер көбірек орын алуда. Міне, жаңадан сайланған Президентіміз осындай күрделі мәселелермен бетпе-бет келгелі отыр. Бұл жөнінен оған республика Парламенті жан-жақты көмек көрсетуге тиісті» деп жазған болатын. Сонымен қатар ғалым осы сұбхатында «Президенттік үкіметті күшейту кейбір жағдайларда билік монополиясына ұрындырады, демек оның арғы жағында диктатураның даңғыл жолы жатыр» деп ескертіп, «Биліктің әрбір тармағы жаңажағдайда қалыпты жұмыс істейтін деңгейге жеткізілуі керек ... Үкіметтің үш тармағының бірі қалыс қалса, онда үкімет жүйесінің жалпы қызметіне нұқсан келіп, іркіліс пайда болады. Бұл Президент бастаған атқару үкіметін құрумен бірге заң шығарушы және сот органдары қатар түзелуі керек деген сөз»¹² деп тұжырымдаған болатын.

Кеңестер одағының таралып, жаңа мемлекеттердің дүниеге келу кезіндегі саяси-құқықтық және рухани-әлеуметтік жағдайларға қатысты ахуалдар жөнінде ҚР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі белгілі заңгер Ғ. Сапарғалиев «Қазақстанның Жоғарғы Кеңесі жүздеген әртүрлі заң қабылдады. Ал солардың көпшілігі жүзеге аспай жатқанын білеміз. Оның басты себебі заң саласының объективтік даму процессінің талаптарына сәйкес келмейтіндігінде, заңның өлшеусіз күшіне сенушілікте, адамдардың праволық санасының төмендігінде, әміршіл-әкімшіл ойлау әдісінің сақталуында, ескіден қалған күштердің қарсылығында жатыр. Қағазбастылық, бюрократизм, лауазым иелерінің заңды бұрмалағаны үшін жауапқа тартылмайтыны, басқару мәдениетінің төмендігі кең етек алып отыр. Көптеген министрліктер мен ведомствалар өздерін заңнан жоғары сезінеді.... Казір Қазақстанда қоғамдық санадағы заңның беделі қалпына келтірілді деп ешкім де айта алмайды.... Адамның мемлекет алдындағы жауапкершілігі моральдық – праволық қасиеттердің құнсыздануы салдарынан казіргі талапқа сай болмай отыр. Заңдарды және басқа нормативтік актілерді жүзеге асыру барысында бақылау жасау талапқа сай

емес. Тіпті Жоғарғы Кеңестің өзі қабылданған заңдардың қалай орындалып жатқанын қадағалай алмайды.... Қабылданған шешімнің орындалатынына сенімді болмау- өкімет дағдарысының белгісі...дей келе ғалым праволық мемлекет құруда билікті бөлісу принципін жүзеге асырудың маңыздылығы баса көрсетіп, «Қазақстанда билікті бөлу принципі жаңа ғана жүзеге асырылып жатыр. Бұл жолда басқа елдердің тәжірибесін пайдалануға тура келеді. 1990 жылы сайланған Жоғарғы Кеңес бірте-бірте парламент сипатына ие болып келеді. Бірақ толықтай ие болды деу қиын...Болашақ Конституцияда шынайы парламент құру бағытында қадам жасау қажет» газеттің осы санында көрсетілген «Заңның биік мақсаты» атты мақаласында Ғ.Сапарғалиев « Жоғарғы Кеңес жоғары атқарушы өкіметке, Президентке қорқатап , сақтықпен қарайтын сияқты. Әрине, бізге жаңа үлгідегі диктатордың қажеті жоқ. Алайда, Президент барлық билікті алып қояды деп хауіптенудің де негізсіз екенін айту керек»¹³ өз пікірін көпшілікке жеткізген болатын.

Еліміздің ірі заңгерлері айрықша мән берген құқықтық мемлекет құру туралы пайымдаулары мен ескертулері Алматыдағы қаңтар дүрбелесінен соң үлкен мәнге ие болуда. Жакында болып өткен республикалық жиында Президент Қ-Ж. К.Тоқасев мемлекетіміздің қайта тәуелсіздігін қалпына келтіруге бағытталған осы өте күрделі де жауапты кезеңде айрықша еңбек сіңірген бірнеше мемлекет пен қоғам қайраткерлері- тұлғаларының есімдерін атап өтті. Солардың сапында заңгер С.Зиманов, М.Т. Баймаханов, С.С. Сартаев, Ғ. С. Сапарғалиевтың есімдері зор құрметпен аталынды.

Есімдері аталған қайраткерлер шын мәнінде мемлекетшіл, ұлтшыл әрі жалпы барша Қазақстан қоғам мүшелерінің мүддесін қорғаушы тұлғалар ретінде өздерін танытты. Сондықтан олардың есімдері ғана емес, сондай –ақ атқарған абыройлы еңбегі ел жадында сақталуы тиіс. Алайда қарапайым қалың жұртшылық түгіл жоғарғы билік басында отырған лауазым иелерінің бірталайы олардың тұжырымдары түгіл тіпті есімдерін де білмейді. Сондықтан абзал қайраткерлердің көзқарастары мен қағидалары бүгінгі ұрпаққа беймағлұм қалуда. Бұл әрине құқықтық сана мен мәдениет деңгейін, жалпы саяси мәдениеттің таяздығын білдіреді. Ұлттық мемлекетімізді жандандыруға үлесі шексіз тұлғаларымыздың ғылыми мұралары мен қатар олардың ізгілік пен тірбиелік өнегесін тек жастарға ғана емес барш

аға таныту бүгінгі ғылым мен оқу-ағарту саласының, жалпы барша зиялы қауым өкілдерінің барлығына тағылатын парыз. Ресейдің патшалық дәуірінен бастау алған жеке басқа табынушылық кеңес өктемдігінде Бас немесе бірінші хатшыларға, президентке табынушылыққа ұласып, соңғы 30 жылға жуық арада елімізде асқынып кетті. Бұл табынушылықтың салдары елімізді

қаңтар дүрбелесіне ұрындырды. Оның ащы сабағы баршамызға дүрбелен зардаптарын, салдарларын жоюға жетелейді.

Баяндалғанды қорытындылап, келесі міндеттерді жұмысымызда басшылыққа ау керек.

1. Білім беру мен оқу ағарту және ғылым саласында қоғамдық келісім мен жарасымдылықты орнықтыратын зерттеулерді пәрменді де белсенді жүргізуді жалғастыру.
2. Тәуелсіз Қазақстанның дамуына зор үлес қосқан қайраткер тұлғалардың басты еңбектерін қайталап жинақтап баспадан шығару.
3. Жоғарғы оқу орындарында ел тағдырына айрықша маңызы бартұлғалардың еңбектері мен көзқарастырын зерттеу жұмыстарына белсенді зейін бөлу.
4. Ел аймағындағы оқу ошақтарында арнайы тәрбие сабақтарын өткізуді жоспарлау.
5. Ар мен әділет даналығының мол қазынасы болып табылатын С.Зимановтың жетекшілігімен жарық көрген көптомдық «Қазақтың ата заңдарын» толықтырып көпшілікке ұсыну.

Әдебиеттер

- 1.Н. Т. Сауранбаев орысша- казакша сөздік. Москва 1954ж. 294 бст.)
 2. Политический словарь Москва. 1940 ж.
 3. Қазақ әдебиеті» 21 қаңтар 2022 ж.
 4. 5. М. З. Семғалнев. Адалдық пен Әділет жолында. «Жаңару» 7 ноябрь 2022ж. №5
 6. сонда
 7. сонда
 8. « Жаңару № г .7 ноябрь 2022
 9. сонда
 10. сонда
 11. Салық Зиманов «Халық сеніміне сай болсын«Қазақ әдебиеті» 1991 ж 29 қараша
 - 12.Ф.Сапарғалиев«Заңның биік мақсаты» Егеменді Қазақстан 1992 ж .28 қаңтар.
 - 13.С.Зимановтың әр жылдары жазылған еңбектері , маңызды мақалалары, ой-толғаулары
- Актуальные статьи ,записки и размышления Зиманова С.З.
- Записки Президенту Республики Казахстан, поданные в первом полугодии 2001 года
- Записка « О проведении массовых мероприятий по укреплению законности и о принятии Указа « О соблюдении законности»
- Записка « О функциональной реорганизации Прокуратуры Республики»
- Ответ Администрации Президента РК от 06.07.2001 г. И другие записки академика С.Зиманова о некоторых проблемах государственной независимости и правового развития Казахстана
- С.Зиманов. Конституция и Парламент Республики Казахстан. Алматы 1996г.
- С.Зиманов Парламент Казахстана в трудные годы провозглашения независимости Алматы 2011.

СОДЕРЖАНИЕ

1. Предисловие.	2
2. Что такое доверие и для чего оно нужно?	2-6
3. Доверие к Правительству	6-7
4. Доверие к Парламенту	8
5. Доверие к правосудию	9-10
6. Доверие к правоохранительным органам	10-16
7. Необходимые меры для повышения доверия к деятельности правоохранительных органов	16-17
8. Заключение	17
9. Примечания	18

Повышение правовой грамотности и доверия молодёжи к правоохранительным органам

Предисловие

Указом Президента К-Ж.Токаева в 2022 году был создан Национальный курултай, который в свою очередь вырос из Национального совета общественного доверия - консультативно-совещательного органа при Президенте Республики Казахстан.

Основная цель этих институтов - выстроить новую коммуникационную площадку между властью и различными представителями общественности, выработка предложений и рекомендации по актуальным вопросам государственной политики на основе широкого обсуждения с представителями общественности, политических партии, гражданского общества.

Появление таких консультативно-совещательных органов при Президенте - это поиск ответов на новые вызовы Казахстану. После «январских» событий в обществе ярко обострилась проблема доверия к государству, органам управления. У общества немало вопросов к органам власти. Не всегда оппоненты умеют слушать и слышать друг друга, а порой каждый считает свое мнение единственно верным. С этими людьми нужно выстроить четкий, конструктивный и открытый диалог. Поэтому форма диалога - это единственная верная форма, которая может порождать доверие гражданского общества и власти друг к другу.

Таким образом, многочисленные и сложные проблемы, накопившиеся в казахстанском обществе, настоятельно требуют для своего решения объединения усилий всех граждан, которые невозможно без укрепления доверия между собой. Доверие является той основой, на которой формируются надежные социальные связи, укрепляющие общество, придающие целостность любому социальному организму. Только на пути взаимопонимания, взаимного уважения и доверия, люди способны глубже осознать единство своих коренных интересов и найти общий путь преодоления от накопившихся трудностей.

Что такое доверие и для чего оно нужно?

Вопрос доверия - это одно из самых острых вопросов в любом обществе. Именно основанием для прочных взаимоотношений между людьми является взаимодоверие. Без доверительных отношений сложно представить современное общество. Поэтому доверие - одно из самых непростых для понимания чувств, испытываемых человеком. С одной стороны, без доверия жить сложно, можно сказать, совсем невозможно, если вы живете в обществе людей. В некоторых ситуациях кому-то все равно приходится доверять, кроме самого себя. А с другой - доверять людям, зная

их натуру (*темную сторону*), и тем более после того, как тебя уже неоднократно наказывала жизнь за твою доверчивость, еще сложнее. Вот и людям зачастую приходится стоять на перепутье, не зная, какое принять решение – доверять или не доверять человеку, людям, представителям государственной власти.

Существуют разные виды доверия в обществе. Без доверия невозможно эффективное партнерство и сотрудничество во всех сферах жизни. Начиная с государственной власти, политикам, партиям, банкам, коллективу, общественным организациям важно, чтобы им доверяли люди. Каждому из нас нужны люди, которым доверяем мы, и которые доверяют нам, так же и государственным органам. И чем шире круг таких людей, тем больше шансов на то, чтобы стать успешным во всех сферах жизни. Любые межличностные и социальные отношения на всех уровнях строятся на доверии, а если его нет, такие отношения не могут существовать долго.

Поэтому доверие считается основой всех социальных институтов. В связи с этим, говоря о доверии граждан государству, мы не должны забывать и о второй стороне медали: государство и его органы тоже должны доверять гражданам.

И поскольку в дальнейшем речь пойдет о доверии, для начала разберемся, что представляет собой понятие «доверие» и для чего оно нужно?

Итак, доверие — это историческая, социально-психологическая и экономическая категория, характеризующаяся высокой нравственностью, ответственностью и профессионализмом, способствующая формированию эффективных взаимоотношений между различными экономическими и политическими субъектами, основанными на балансе интересов.

В Толковом словаре русского языка (С.И.Ожегов, Н.Ю.Шведова) ДОВЕРИЕ определяется, как уверенность в чьей-нибудь добросовестности, искренности, в правильности чего-нибудь и основанное на этом отношении к кому или чему-либо. Само по себе доверие – это нравственно-гуманистическая, этическая категория, выступающая как общечеловеческая норма межличностных отношений и означающая веру одного человека в другого. Доверие является неотъемлемой частью взаимодействия людей в обществе в целом. Доверие к власти формируется в результате длительного процесса, основу которого составляют искренность, добросовестность и честность представителя власти.

Интересный труд по данной тематике представлен Фрэнсисом Фукуямой. В его книге «Доверие: социальные добродетели и путь к процветанию» взяты отдельные экономические, политические и социальные модели разных стран, с разным уровнем доверия (Россия, США, Англия, Франция, Германия, Япония, КНР, КНДР и пр.). Автор рассматривает различные модели государственного управления, введенные в этих странах»¹.

Идеи английского философа Джона Локка оказали огромное влияние на развитие эпистемологии и политической философии. Он широко признан, как один из самых влиятельных мыслителей Просвещения и теоретиков либерализма. Письма Локка произвели воздействие на Вольтера и Руссо, многих шотландских мыслителей Просвещения и американских революционеров. Его влияние также отражено в американской Декларации независимости.

Согласно его концепции, доверие людей друг к другу заложено в самой человеческой природе и выступает основой целостности общества. Роль государства в теории этого мыслителя сводится к поддержанию определенного уровня доверия к своей деятельности. Сам суверенитет народа может быть полноценно реализован только в условиях взаимного доверия государства и граждан.

Его работа: «Доверие: деньги, рынок и общество» были ответом авторитарным теоретикам вроде Томаса Гоббса, которые полагали, что лишь жесткое правление, основанное на страхе и безоговорочном доверии к политическому руководству, способно поддерживать мир в государстве. Но Локк утверждает, что высокий уровень доверия между гражданами будет более прочным фундаментом общественного порядка, нежели голое принуждение. И в наши дни борьба между авторитарными и демократическими системами продолжается. В современном мире довольно много авторитарных стран, стабильность которых основывается на абсолютном доверии граждан властной верхушке и на взаимном недоверии друг другу. Народ многое теряет в такой ситуации. Авторитарный режим исключает альтернативность политических идей, а население плохо информировано о том, что происходит в стране и в мире. Оно склонно верить необоснованным слухам и поддаваться экстремистским теориям, которые трудно опровергать, потому что альтернативной информации просто нет. Именно поэтому в авторитарном обществе экстремистские идеи пускают наиболее прочные корни, а это, в свою очередь, стимулирует насилие государственной власти по отношению к гражданам и взаимное недоверие граждан друг к другу»².

Изучением доверия у нас в республике занимались такие авторы как академик Национальной академии наук Республики Казахстан, доктор юридических наук, профессор М.К.Сулейменов, доктор юридических наук, профессор Н.Н. Турецкий, кандидат технических наук А.М.Байменов и т.д.

В своей работе «Доверие к власти и гражданское право»³ академик М.Сулейменов отмечает три самостоятельные разновидности «доверия к власти»:

- 1) доверие к действиям власти (доверие к государству);
- 2) доверие к правовым актам, создаваемым государственной властью (доверие к праву);
- 3) доверие к актам применения права (доверие к правосудию).

Отмечая доверие к государству, академик М. Сулейменов приводит слова Председателя Конституционного Суда РФ В.Д. Зорькина: «Отчуждение, т.е. взаимное недоверие между властью и обществом - это исконная российская проблема, которую невозможно решить за пару десятилетий». И академик, соглашаясь с В.Д. Зорькиным, от себя добавляет, что это не только российская, но и казахстанская проблема. Никогда не было такого отчуждения между властью и обществом в Казахстане, как сейчас. Можно списать это на 30-летнее правление прежнего режима, который сильно развратил страну, размыл грань между правдой и ложью, и создал общество, основанное на тотальной коррупции, безумном богатстве кучки избранных и нищете подавляющей части населения.

В дальнейшем М.Сулейменов подробно описывает о двух других разновидностях доверия к власти⁴.

Правовое доверие является основанием, формирующим отношение общества к другим сферам: политике, экономике, культуре, и его состояние связано с состоянием общества, как системы взаимодействующих сфер, институтов. Принцип доверия к закону и действиям публичной власти предполагает правовую определенность и недопустимость внесения произвольных изменений в действующую систему норм и предсказуемость законодательной политики. Участники правоотношений должны обладать возможностью в разумных пределах предвидеть последствия своего поведения и быть уверенными в том, что приобретенное ими на основе действующего законодательства право будет реализовано. В этом проявляется его системообразующий характер. Ухудшение же атмосферы доверия в социуме окажет влияние на отношение к праву, его способности регулировать, упорядочивать, защищать.

